

Шығыс Қазақстан облысының кейбір объектілеріне атау беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 241 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай объектілерге:

- 1) Өскемен қаласы әкімдігінің "Ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын № 38 гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Лев Гумилевтің есімі;
- 2) Өскемен қаласы әкімдігінің "№ 39 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ыбырай Алтынсариннің есімі;
- 3) Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы "Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Абайдың есімі;
- 4) "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 47 жалпы орта білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ахмет Байтұрсынұлының есімі;
- 5) "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Семей қаласының № 37 гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ыбырай Алтынсариннің есімі;
- 6) "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 39 жалпы орта білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әлихан Бөкейханның есімі;
- 7) "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 34 жалпы орта білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Бауыржан Момышұлының есімі;

8) "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 2 жалпы орта білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қаныш Сәтбаевтың есімі;

9) "Семей халықаралық әуежайы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Абайдың есімі;

10) "Шемонаиха ауданының білім беру бөлімі "№ 5 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ахмет Байтұрсынұлының есімі;

11) "Шемонаиха ауданының білім беру бөлімі "№ 4 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шәкәрімнің есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру ұйымдары:

1) "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Пригород жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жүсіпбек Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы "Березовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы "Бозтал орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы "Үлкен Владимировка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы "Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Шемонаиха ауданының білім беру бөлімі "Қызыл Шемонаиха негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Шемонаиха ауданының білім беру бөлімі "Ыбырай Алтынсарин атындағы негізгі орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) "Шемонаиха ауданының білім беру бөлімі "Михайловка жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Шемонаиха ауданының білім беру бөлімі "Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) "Прапорщиково орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) "Переваловка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Мәлік Ғабдуллин атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) "Бобровка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) "Ушанов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) "№ 2 Ақсуат орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Қожагелді батыр атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК